

Әбдірәсіл Ерлан

## КИНО ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІДЕ ЗЕРТТЕУ

### Резюме

*В этой статье рассматривается важность и роль изучения кино текста со стороны когнитивной лингвистики.*

### Resume

*This article discusses the importance and role of film studies text from cognitive linguistics.*

### Özet

*Bu makalede yazar sinema dilinin bilişsel dilbilim yönünden incelenmesinin gerekliliği ve esasları üzerinde durmaktadır.*

«Көркем әдебиеттегі кейіпкерлер тілі» деген тақырып қазақ тіл білімінде соңғы уақыттарда лингвостилистикалық бағыт тұрғысынан қарастырылып, «өнер тілі» ретінде бағаланып келеді. Бүгінде осындай «өнер тілі» болып табылатын «киноматография тіліндегі кейіпкерлер тілі» деп аталатын тақырыптың да өзекті мәселелерін когнитивтік лингвистика саласында қарастырудың қажеттігі туындап отыр. Киноматография тілін когнитивтік лингвистика ғылымы тұрғысынан зерттеу арқылы «әлемнің тілдік бейнесін» жасаудағы тілдік тұлғаның концептуалды тұжырымдамасын көруге болады. Бұл тілдің танымдық ғылым аясында да өзіндік орнының зор екендігін аңғартады.

Тілдің танымдық табиғатын зерттеуде негізге алатын нысандардың бірі - кино, киноматография саласы. Кино өнері – тілдің қолданысын бейнекөрсетілім негізінде демонстрациялайтын көркемдік құрал. Киноматография тілінің басты артықшылығы әр кезеңге, әр түрлі идеялар мен мақсаттарға негізделген кино өнімдері арқылы тілдің әр түрлі мақсаттар мен ой-өрісті жеткізудегі, тілді қолданушылардың танымдық табиғатын, әр кезеңге тән тілдің стильдік ерекшелігін, даму сатыларын, лексикалық қолданыс ауқымын, өзара айырмашылықтарын көрсете алуында. Киноматография саласындағы бұл ерекшелік пен тілдің табиғатын кино саласы арқылы зерттеу мүмкіндігі қазақ тіл білімінде когнитивтік зерттеулер, функционалдық зерттеулер мен қолданбалы тіл білімімен байланысты салаларда негізге алынып, қарастырылып жүрген жоқ.

Қазіргі тілдік зерттеулердің басым бөлігі көркем шығармалар мен тілдің жазба нұсқаларындағы материалдар арқылы, соларды жинап, жүйелеу арқылы талданып жүргені белгілі. Бірақ кино осы көркем шығармалар желісі негізінде түсіріліп, тілдің шынайы сөйлеудегі табиғатына икемделеді, өңделеді, арнайы сценарий жазылып, тілдің қолданыс мүмкіндігі табиғи қолданысқа жақындатылады. Әрине, мұндағы айтпағымыз кино тілін де табиғи тілдің қолданысымен бірдей балама деп бағалай алмаймыз. Бұл анық жағдай, түсінікті бағам. Дегенмен, жазбаша түрде ғана көрініс табатын көркем шығарма

тілі, кітап тілімен салыстырғанда, кейіпкерлер танымының кино арқылы берілуі ұлт тілінің танымдық ойлау негіздерін жеткізудегі табиғатқа жақын аудиовизуалды құрал. Сондықтан әлемдік лингвистика деңгейінде киноматография тілі мен ондағы тілдік ерекшеліктерге мән беру, тіл табиғатындағы ерекшеліктерді айқындау үшін ғана емес, кино жанрындағы сценарий нұсқаларында тілдің қолданысын сапаландыра түсу үшін де маңызды. Бұл киноматография тілін зерттеудің екі жақты практикалық маңыздылығын, қажеттілігін көрсетеді.

Әсіресе, кино саласындағы соңғы жаңалықтар үрдісіне сәйкес шет елдік киноларды аударудың нәтижесінде қазақ тілінде бұрын болмаған оралымдар мен тіркестер туындап, тілдік қолданыста қалыптасуда. Түрік топтағыларының аударылуында, қытай кинофильмдерінің аударылуында, еуропалық бағыттағы фильмдердің аударылуына байланысты бұл ерекшелік басым дамуда. Фильмдер тіліндегі аудармалардың көрінісі өзге танымды жеткізудегі қазақ тілінің мүмкіндігін, оралымдық, тіркесімділік, сөзжасамдық қабілетін айғақтайтын, дамыта түсетін көрсеткіш болып саналады. Бұл аударма саласының дамуына да ықпал етіп, аудармада қолданылуға тиісті тілдік шаблондар мен стандарттардың қалыптасуына ықпал етеді.

Киноматография саласында фильмдердің өзі деректі фильмдер, тарихи көркем фильмдер, заманауи фильмдер, отбасылық топтамалар, балалар фильмі, фантастикалық көркем фильмдер, ертегілік жанрдағы фильмдер, трагедиялар мен комедиялар, трагикомедиялар, батыстық үлгідегі ұрыс-соғыстар мен төбелестер (атыс-шатыс, ұрыс-соғыс) жанрындағы фильмдер және т.б. болып бөлінетіндігін ескерсек, осы фильм түрлерінің әрқайсысына тән стиль, аударма стилі, кезеңдік стиль болатындығы түсінікті. Ондағы қолданыстар қазақ тілінің сөздік қорын молайтуға мүмкіндік беретін сөзжасам тәсілдерін айқындап, сөздерді жасаудағы ұлт тілін қолданушылардың танымдық ерекшелігін, танымды жеткізудегі тілдік мүмкіндіктерін айғақтай түседі. Әр кезеңге тән тілдің стилін тануда да фильм түрлерін зерттеулердің қажеттілігі туындайды.

Бұл бағытта басым зерттелетін кинофильмдердің түрі – ұлттық кинолар. Олар аз да болса, қазақ санасындағы тілдік танымның көрсеткіші бола алатындығы сөзсіз. Зерттеу нысаны бола алатын мұндай фильмдердің қатарына сөзсіз көрермендер мен қазақ кино өнеріне танымал «Қыз Жібек», «Алдар көсе», «Атаманның ақыры», «Бандыны қуған Хамит», «Тақиялы періште», «Көшпенділер», «Көксерек», «Заманай», «Абай», «Менің атым Қожа», т.б. жатады.

Когнитивтік тұрғыдан киноларды зерттеудің мүмкін болатын бағыттары:

- «Қыз Жібек» фильмі және қазақ тілдік танымы;
- Комедиялық фильмдердің стильдік ерекшеліктері;
- Тарихи фильмдердегі стильдік қолданыс ерекшеліктері;
- Қазақ киноларындағы белсенді фразалар;
- Кино өнімдеріндегі есімдер мен атаулардың танымдық табиғаты; т.б.

Кинолардағы концептілерді айқындаудың тиімділігіне тоқтала кеткен орынды. Ең алдымен әр кино идеясынан туындайтын, режиссердің жеткізгісі келген ойларының концептілер ретінде топтастырылып, анықталуы да тілді қолданушылар санасындағы тілдік концептілерді айқындап, концептілер қатарын, оның тілдегі көрінісін ашуға жетелейді. Мысалы, қазіргі және осыған дейін түсіріліп келген қазақ киносына тән негізгі концептілер ретінде мыналарды атауға болады: ұлт тағдыры, күрес, адалдық, адамгершілік, батырлық, ана, бата, дәстүр, махаббат, жастар, өмір, болашақ, т.б. Аталған концептілердің тілдегі көрінісі фильм тілінен алынған мысалдар арқылы жеңіл талданып, дәлелденетіндігі сөзсіз. Бұлардың қатары кинофильмдердің зерттелуімен байланысты толықтырылып түсері, жаңа кинофильмдердің пайда болуымен толығы түсері белгілі. Демек, кино тілі танымдағы негізгі категория – концептілерді жеңіл жүйелейтін құрал.

Кинодағы тілдің визуалдылығы мен дыбыстық есту, айту, құбылту мүмкіндігі тілдің дыбыстық жүйесін, орфоэпиялық заңдылықтары мен интонациялық ерекшеліктерін фонетикалық-танымдық тұрғыдан зерттеуге де, тілдік эмоциясы мен экспрессиясын жеткізу мүмкіндіктерін айқындау тұрғысынан да мүмкіндік береді.

Тілдегі экстенция мен интенция құбылыстарын, тілдік үнемдеу тәсілдерін, айтпай-ақ тілдесу тәсілдерін зерттеу үшін тіл білімінде кинофильмдер таптырмайтын зерттеу нысаны. Медиақұралдардың тілі қазіргі кезде тіл білімінде зерттеле бастады. Ол қазірше телехабарлар, спорт бағдарламаларындағы терминдерді қарастырумен шектелді. Тілдің тарихы тұрғысынан бағамдасак, киномотография тілін зерттеу тілдік таным, когнитивтік лингвистика, тілдік концептілерді айқындау бағытында ғана емес, дәстүрлі құрылымдық грамматика, құрылымдық фонетикадағы құбылыстарды анықтау мақсатында да айқындалуы керек еді.

Қысқасы, кино тілі, киномотографиядағы тілдің қолданыс ауқымы мен шеңбері, деңгейі қазіргі тіл білімі үшін қызықты да тиімді зерттеу нысанына айналуға тиісті.

Енді жоғарыда айтылған ойымызды толықтыра түсу үшін «менің атым Қожа» киномәтініндегі бала танымын сипаттайтын концептілер жүйесіне тоқталайық.

Жалпыұлттық концептілер сол ұлттың танымын, талғамын, өмірлік тәжірибесін, парасат-пайымын, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер тобын құрайды. Сонымен қатар әрбір концепт адам санасының даму ерекшелігіне байланысты, қоғамның өзгеріп өркендеуіне байланысты бірнеше қабаттардан тұрады. Осыған орай оның ішкі формасы күрделене түседі. Сонымен қатар концептілердің негізгі қабаты жалпыұлттық сипатты қамтып, қосымша қабаты – семантикалық өріс шеңберіндегі концептілерді құрайды. Әрбір концепт күрделі, ол менталды кешенді жүйеден құралады. Бала танымында әлемнің тілдік бейнесі тілді игергенге дейінгі уақытта қалыптасады. Оның тілдік көріністері бала тіліндегі вербалды элементтер арқылы көрінеді. Бала дүниеге келгеннен кейін белгілі бір дәрежеде өзі қоршаған ортамен танысады. Сол арқылы миында ақпараттарды жинақтай бастайды, бірте-бірте баланың танымы, сана-сезімі өскен сайын енді оның әлем туралы түсінігі де ұлғаяды, миындағы ақпараттар да молаяды. Көп мәліметтерді мида жинақтауда бала алдымен өз танымындағы нысандарды анықтап, салыстырады. Осылайша өз болмысына қатысты ақпараттарды жинап, сұрыптап, өңдейді. Бала миындағы жинақталған ақпараттар енді тілді меңгергеннен кейін, сөйлеу барысындағы тілдік бірліктер арқылы нәтижесін көрсетеді. Осыдан барып әлем туралы тілдік үлгілер қалыптасады да баланың әлем туралы біртұтас тұжырымдамасы бейнеленеді.

«Менің атым Қожа» кинофильміндегі концептілік жүйені төмендегідей топтастырдық: Бала танымындағы «арман», «тәртіптілік», «тәртіпсіздік», «өкініш» .....

Кез келген концептіден адамның бір немесе бірнеше объектіге қарым-қатынасын, оларға деген бағасын, жеке-тұлғалық сипаттарын, тәлім-тәрбиесін, білімін, психофизиологиялық ерекшеліктерін аңғаруға болады. Аталған тірек мағыналар балалардың танымдық бейнесін беретін жеке мағыналардың жиынтығын құрайды.

Киномәтіндегі концептілер жүйесі семантикалық өріс негізінде жасалады. Семантикалық өріс аясынан байланыс түзіледі.

Киномәтіндегі концептілерді талдауда ең алғаш олардың өзегін анықтайтын сөзге, яғни өзек семаға назар аударылады. Сол өзек сема арқылы бірте-бірте концептілер тізбегі түзіліп, олардың картасы қалыптасады.

Р.М. Фумкин «өзек семаны (ядроны) – лексеманың сөздік мағынасы» деп есептеген болады.

#### «Арман» концептісі

Киномәтіндегі «арман» концептісінің концептуалды түрде талдануы төмендегідей болып келеді:

- «арман» концептісі балалар танымындағы заттың не құбылыстың бейнелі көріністенуі арқылы суреттеледі;
- арман ұғымының негізгі қасиеті мен белгісі – «әркімнің қолы жете бермейтін, тек жақсылықтар әкелетін құбылыс».
- арман – жақсылықтарға қол жеткізуге тырысатын адам танымының жоғарғы дәрежесі.
- «арман» концептісінің бейнелілік сипаты белгілі бір нәрсені көксеуден тұрады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде арман сөзіне келесідей анықтама берілген: *Арман* - *көксеген мақсат, тілек, қиял* [1, 333 б.]. Балалар танымындағы «арман» белгілі бір нәрсені, затты көксеуден келіп туындайды. «Арман» - тек қана балалар ұғымында ғана емес, кез келген адамзат баласының табиғатына тән абстракттілі ұғым.

Ал киномәтінде арман сөзінің концептілік жүйесін құрайтын мысалдарға жеке-жеке талдау жасап көрейік.

Мәселен:

- *Құпия емес, менің жаңа адам болғым келеді. Сіз ағай, сіз апай маған бұдан былай енді ешқашан ренжімейтін боласыздар.*
- *Оны білем, бірақ менің шөп жинауға барғым келеді.*
- *Арманымның бәрін жазар болсам, дәптерге сыймас еді. Оған ешкім де сене де қоймас.*

Сенсе тек Рахманов ағай ғана сенеді. Ол бәрін де біледі. Жұрттың бәрінің жан дүниесін түсінеді. Шіркін-ай! Барлық адам баласы осындай болса, өмір тіпті тамаша болар еді.

Киномәтіндегі арман сөзін құрайтын тірек мағыналардың қолданылуы сипатына қарай мәңгілік болмыстағы «арман» бейнесі және белгілі бір кезеңге ғана байланысты туындаған «арман» бейнесі деп екі топқа бөліп қарастыра аламыз. Бірінші топқа жататын тірек сөздер жаратылыстан туындайтын қажеттіліктер негізінде пайда болады. Бұлар кез келген қоғамда, кез келген уақытта бала танымының нәтижесінен көрініс беріп отырады. Мәселен, *барлық адамдардың мейірімді болуын армандау*. Өмір, тіршілік, бар жерде осы сынды арманның кез келген баланың көкейінде болатындығы табиғи заңдылық. Ал екінші топтаға *жаңа адам болу; шөп жинауға бару* сияқты кейіпкерлердің белгілі бір кезеңге ғана байланысты туындаған «арман» бейнесі.

#### «Тәртіптілік» концептісі

Тәртіптілік – тәртіпті болушылық, үлгілік, өнегелілік [2, 73 б.].

- Сен осы Жантасты неге жек көресің? Ол *өте сыпайы, тәртіпті бала*.
- Мама, мен енді қоям! Осы ауылдаға *ең жуас, ең үлгілі балалардың* бірі болам. Ант етейін! Бұдан былай *қой аузынан шөп алар болсам* оңбай кетейін.
- *Тәртіпті оқушы* болу үшін Қожаның не істеуі керек?
- Жаз, ертеңнен бастап тентек болып бірде бір баламен *төбелеспеймін*.
- *Жаман сөздер айтпайсың*: тентек, сайтан, есуас, ақымақ сынды сөздер.

Киномәтінде тәртіптілік концептілік өрісін *өте сыпайы, тәртіпті бала; ең жуас, ең үлгілі бала; қой аузынан шөп алмау; тәртіпті оқушы; баламен төбелеспеу; жаман сөздер айтпау* сынды сөз тіркестері құрайды. Киномәтіндегі тәртіптілік концептісін құрайтын сөздердің астарында ұлттық танымды сипаттайтын ұғымдарды да аңғаруға болады.

«*Қой аузынан шөп алмас*» тұрақты сөз тіркесі қазақ болмысына тән ерекшелікті сипаттайды.

#### «Тәртіпсіздік» концептісі

Тәртіпсіздік. Тәртібі жоқтық, бетімен кеткендік, жүгенсіздік, тентектік [3, 73 б.]. Ал біз талдап отырған киномәтіндерде тәртіпсіздік төмендегідей жолдармен берілген:

- Бұл қай *сотқарлығың*?
- Неге *өтірік айтасың*?
- Колхоздың атын неге *өтірік айттың*? Нағыз *суайт* екенсің.
- *Қаңғыбас, арамтамақсың!* - деп мені шешіндіріп, тыржалаңаш үйден қуып шықты.
- Қожа *сотқар, ұрлық қылды*, мектеп атына, бүкіл класқа кір келтірді.
- Қожаның *бұзақы* екенін бүкіл ауыл біледі.
- *Тәртіпсіз* Қожабергеннің класстан көзі құрыса, жері кеңіп жетісер.
- Көрер едім өзінді шағып алса. Неге *бедірейін қарай қалдың*?

Қарап отырсақ, бұл киномәтіндердегі «тәртіпсіздік» концептісі *сотқарлық, өтірік айту, суайт, қаңғыбас, арамтамақ, ұрлық қылу, бұзақы, тәртіпсіз, бедірейін қарау, нақұрыс, өтірікші* сияқты сөздер арқылы жасалған. Осының ішіндегі *бедірейін қарау* сөзін ерекше атап өту керек сияқты. Өйткені, бұл сөз қазақ менталитетін көрсететін сөздің нағыз өзі. Өйткені, қазақ халқы біреуге бедірейін қарауды тұрпайы, тәртіпсіздік деп білген.

#### «Өкініш» концептісі

Өкініш. Белгілі бір сәтсіздікке байланысты туған реніш [4, 534 б.]. Өкініш концептісін құрайтын тілдік бірліктер бала көңіліндегі белгілі бір сәтсіздіктен, реніштен, көңілі толмағандықтан туатын сөздер шоғыры.

Ұрыну сөзі өкініш сөзінің бейнелі сипатын аңғартса, *шамшырақты жаға алмау* сияқты сөз тіркесі – ауыспалық мағынадағы метафоралы тіркес.

Аталған тілдік бірліктердің контекстік мәнін түсіну үшін киномәтіннен алынған үзінділерге назар салып көрелік:

- Мен Сұлтанның *шамшырағын жаға алмадым*. Бұны өзіме ешқашан да кешіре алмаймын!
- Қайдан ғана *ұрындым?! Тағы да маскара болдым-ау*.

Жалпы тірек мағыналар белгілі бір сөйлем аясында келіп, белгілі бір мағынаға ие бола алады. Сондықтан олардың толық семантикалық ерекшеліктері мәтін шеңберіне тәуелді болады. Мәтінді сөйлемдер құрайды. Әлемнің тілдік бейнесін құрайтын тірек мағыналарды айқындауда синтаксистік конструкциялардың атқаратын қызметі орасан. Тірек мағыналардың мәтінішілік қызметін анықтау, мағыналық қырларын ашу мәтін лингвистикасы мен когнитивтік лингвистиканың аспектісіне жатады, сол ғылымдардың аясында қарастырылады.

Қорыта келгенде, киномәтіндегі концепт (тірек мағына) – кинодағы кейіпкердің әлем, қоршаған орта туралы білімін танытады. Жеке тұлғаның жинақтаған білімі арқылы сол халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігі, оның этникалық танымының стереотипі, әлемнің тілдік көрінісін сипаттайтын тілдік бірліктердің когнитивтік өрісі, белгілі бір ұлттың дүниетанымдық мәдениетінің кілті концепт негізінде көрініс табады. Яғни концепт әлемнің біртұтас бейнесі мен тілдік бірліктердің арасын байланыстырушы аралық көпір бола отырып, кинодағы кейіпкерді танытатын таным категориясы.

Сондықтан әлемдік лингвистика деңгейінде киноматография тілі мен ондағы тілдік ерекшеліктерге мән беру, тіл табиғатындағы ерекшеліктерді айқындау үшін ғана емес, кино жанрындағы сценарий нұсқаларында тілдің қолданысын сапаландыра түсу үшін де маңызды. Бұл киноматография тілін зерттеудің екі жақты практикалық маңыздылығын, қажеттілігін көрсетеді.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / І.Кеңесбаевтың редакторлығымен. – Алматы: Ғылым, 1974. – Т. 1. – 333 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / І.Кеңесбаевтың редакторлығымен. – Алматы: Ғылым, 1974. – Т. 2. – 258 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / І.Кеңесбаевтың редакторлығымен. – Алматы: Ғылым, 1974. – Т. 8. – 559 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / І.Кеңесбаевтың редакторлығымен. – Алматы: Ғылым, 1974. – Т. 10. – 81 б.